

SHAKARIM SHANYRAGY



Ақпараттық-танымдық басылым

2021 жыл №7 (131) тамыз

Қымбатты 1 курс студенттері, құрметті ата-аналар және оқытушылар! Дорогие первокурсники, уважаемые родители и уважаемые коллеги!

Сіздерді бүгінгі жарқын да, қуанышты мереке – Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1 қыркүйекте әр қайсымыз тұңғыш рет мектепке бардық, колледждер мен жоғары оқу орындарының есігін де осы күні аштық. Сондықтан да болар осынау білім мерекесі ең шуақты естеліктерге толы болады.

Университетке студент қабылдауда әуелі ата-анаға алғысымды айтамын. Себебі олар «сүйегі менікі, еті сенікі», - деп бауыр етін қара шаңыраққа аманаттап отыр. Келесі алғыс Шәкәрімді таңдаған студентке, себебі олар арнамының асқарын осы шаңырақта бағындырам деп бекініп отыр. Үшінші, қоғамға маман ғана емес, адам тәрбиелейтін ұстаздар қауымына алғыс айтамын. Төртінші, жаз бойы сіздердерге қалтқысыз қызмет көрсеткен қабылдау комиссиясының мүшелеріне өз атымнан және бүкіл ұжымның атынан үлкен алғыс айтамын. Олар еш демалыссыз, кей күндері түнгі он екі, бірге дейін құжат қабылдады. Сіздерді мазалаған сан сұрақтарға жауап берді, университеттің ғылыми-педагогикалық әлеуетімен таныстырды, сіздерге өз қабілеттеріңізге қарай мамандық таңдап, грант ұтып алуларыңызға, сүйікті мамандықтарыңызға түсулеріңізге септігін тигізді.



Биылғы оқу жылында төмендегі білім беру бағдарламалары жоғары сұранысқа ие болып отыр: «Шет тілі: екі шет тілі» – 56 студент, «Қазақ тілі мен әдебиеті» – 43, «Денешынықтыру және спорт» – 47, «Ветеринария» жаңа білім беру бағдарламасына -53.

Биыл алғаш рет университет Ғылыми кеңесінің шешімімен 44 студентке әртүрлі деңгейдегі жеңілдіктер жасалып, солардың арасынан бір балаға – ата-ата қамқорлығынан айырылған білім алушымызға 1 жылдық «Шәкәрім атындағы білім беру гранты» тағайындалды.

Университет қызметкерлерінің балаларына да әлеуметтік көмек беру назардан тыс қалмады. Атап айтқанда университеттің бастауыш кәсіподақ ұйымы - 20, Халық банк - 10 балаға материалдық, QAZBILIM республикалық білім беру орталығы-200 оқулық, «Парасат» білім орталығы 10 балаға тегін оқу курсының сертификаттарын табыстады. «Qazaq Aqbas»

тұқымы республикалық палатасының төрағасы Сүлейменов Қуаныш Серікқазыұлы қаржылай сертификатпен әлеуметтік қолдау көрсетті.

Университет түлегі, «Елорданы тұрақты дамыту орталығы» ЖШС директоры Биахметов Архат Қадырбекұлының қолдауымен «Smart Shakarim» мобильді қосымшасы іске қосылды. Аталмыш қосымша арқылы түрлі қызметтер, электронды кітапхана, сабақ кестесі туралы студентке қажетті барлық ақпаратты алуға, пайдалануға болады.

Тізіп айтатын жаңалықтарымыз көп, оның барлығын бір құттықтау мәтініне сыйғызу мүмкін емес, өмірін университетпен байланыстырып отырған Сіздер ертең көзбен көріп, жандарыңызбен қуанасыздар. Бұның барлығы Сіздер үшін.

Құрметті ұстаздар мен студенттер, жаңа оқу жылында баршаңызға сәттілік тілеймін!

Б.А. ЕРДЕМБЕКОВ,
Басқарма төрағасы – Ректор



Арап ЕСПЕНБЕТОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

АҚЫННЫҢ ТУҒАН КҮНІ НЕГЕ

Ұлы Абайдың туғанына 175 жыл толуы қарсаңында бұқаралық ақпарат құралдарында үздіксіз жарияланған дүниелерді көріп көңіл қуануда. Абай туралы сөз қозғау, пікір айту қажет-ақ. Абайдың «іші алтын, сырты күміс» поэзиясы мен қара сөздеріндегі ұлттық энергетика кемерінен асып, төгіліп тұрған жолсілтер ұстанымын түсініп, талдап, кейінгі ұрпаққа өнегеге ұсынар кез тегі.

Белгілі жазушы Роллан Сейсенбаев: «Абай бабамыздың рухани ұстазы кім? Қандай кітаптар оқыды (орыс жазушыларының кітабы емес)? Сол кітаптардың аты қандай еді? Авторлары кім еді деген сұрақтарға қамалып әуреге түсетінімін. Жаным қиналатын... XIX ғасырда Дешті-Қыпшақ даласындағы медреселерде кімдердің кітабы оқылды? Қандай пәндер жүргізілді?», - деп оқырманға ой салады. Зерттеудің бет-бағдарын өзгертуге жол сілтейді. Көбікке айналған мың сөзден көңілді бұрып алатын бір алғыр ұсыныс керек. Абайды зерттеуді басқаша деңгейге бұру қажеттігіне иланасыз.

Абайтану – ғылым. Оның мақсат-мұраты, маңызы, мағынасы нағыз ғылыми жолға түскенде ғана жеміс береді. Абайтану – мойнына салмақты жүк арқалаған қазақ әдебиеттануының саласы. Қазақтың рухын танудан, қазақ ұлтын танудан абайтану ғылымының басты мақсаты айқындалады.

Жақында проф. Дархан Қыдырәлі өткен ғасырдың отызыншы жылдары басып көрген мақалаға қайыра оралып Мұстафа Шоқайдың шәкірті проф. Тахир Шағатайдың «Яш Түркістан» журналында жарияланған «Түркістанның ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы» еңбегін жан-жақты зерделей келе жаңаша ой өрімдерін талқыға салды. Ұлы ақын мұрасын ғылыми айналымға енгізуде, өмірбаяндық деректерін нақтылауда, шетел тілдеріне аударып әлем халықтары игілігіне жаратуда байсалды істер атқаруға үйдейді.

Т.Шағатайдың: «Абайдың ең үлкен мұрасы – оның қалыптастырып кеткен мектебі. Артына мол мұра, мықты негіз қалдырып кеткен Абайдың қазақ әдебиетіне әсері бірден байқалатындығын» ерекше даралағанда әдебиет мектебіне қоса, ақындық дәстүр жалғастығы, Алаш ардагерлерінің шығармашылығында азаттық, тәуелсіздік идеясының ұшқыннан жалынға айналуы жеке-жеке ізерлей тексеруді қажетсінеді.

Абайтану ғылымында ұсақ-түйек мәселелер жоқ. Абай туралы әрбір сөз жан-жақты зерттеліп, сарапталып, бұлтартпас дәлелдерге негізделіп оқырман қауымға жол тартса жарасымды.

23 тамызда қазақ елінің мәдени өміріндегі үлкен мерекені атап өтудеміз. Ол – қазақтың ұлы ақыны Абайдың туған күні. Абайдың туған күні жөнінде жоқ жерден айтыс тудырып, елді шатастырып, басқа жолға салып әртүрлі пікір айтушылар әрекеті кездесіп қалуда, өкінішке орай. Абайдың туған күні жөнінде нақты құжат жоқ. Төңкеріске дейінгі қазақтың ақын-жазушыларының төлқұжаттарының, архивтік деректерінің сақталмауы кейінгі ұрпақ үшін орны толмайтын кемшілік. Бірақ осы жағдайда да бұрынғы тарихты еске түсіруге көмегін жасайтын қосалқы дүниелер бар. Соның бірі - сенімді адамдардың аузынан шыққан ауызша сақталған әңгімелер.

Абайдың өміріне қатысты баспасөзде алғаш сөз алған Ө.Бөкейханов. «23 июня 1904 года в Чингизской волости (в го-

рах Чингис) Семипалатинского уезда скончался популярный в родной степи киргизский поэт Абай Құнанбаев. Книжное имя его Ибраһим (Авраам), но Киргизская степь, следуя матери поэта, укрепила за ним нежное ласкательное имя Абай, которое и мы сохраним за ним... Абай скончался на 60 году своей жизни. Он родился в год змеи (жылан жылы) в 1845 г. и умер в год зайца (қоян жылы) в 1940 г.» - дейді Ө.Бөкейханов. 1907 жыл болғандықтан ескі стиль екендігін аңғарған шығарсыздар. Ө.Бөкейхановқа өмірбаяндық деректерді қазанама жазу үшін табыстаған Кәкітай Құнанбаев пен Турағұл Абайұлы. 1909 жылы Санкт-Петербургте басылған ұлы ақын жинағын құрастырушылар мен өмір жолы жөнінде қысқаша очерк жазған да солар. Қазанамада да, 1909 жинақтағы өмірбаянда да туған күні көрсетілмеген.

Абайдың туған күні жөнінде бірден бір дерек қалдырған Өрхам Кәкітайұлы. Өрхам (1885-1962) – 1909 жылғы жинақты құрастырушы Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевтың ұлы. Семейдегі Абай музейі құрылған кезде сонда әдеби қызметкер болған, ақынның пайдаланған заттарын жинап, тапсырған, Абай өлеңдерін жатқа білген, әр өлеңінің шығу, жазылу тарихын жетік білген адам, «Зағипа» поэмасы жеке кітап болып шыққан.


Өрхам Кәкітайұлының жазып кеткен дүниесі қолжазба күйінде қалды, өйткені ішінде Құнанбай туралы сөздер көбірек жазылғандықтан, аталарын, бай-шонжарларды, ескі заманды дәріптеп отыр деп оның шығармасын басуға рұқсат берілмей келді.

Кейіннен бірнеше рет жарық көрді. Ол «Абайдың өмірі туралы» деп аталатын естелігі. Осында жазады: «Үдере көшіп, шаршап-шалдығып келген ел бұлақтың екі жағындағы қалың шалғынға үлкен үйлер тігіп орнығып, жайланып қалады. Сол қалыпты әдеті бойынша Құнанбай ауылы Қасқабұлаққа келіп қонғаннан кейін 1845 жылы ескіше 10 август күні Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжан толғатып, бір ұл дүниеге келеді. Атын арабшалап Ибраһим қояды» [5,59]. Бұдан сенімді дерек табу қиын.

Қайым ұстазымыз Абайдың туған күні 10 тамыз күні деген дерекке Абай мұрасын зерттеуші, Абайдың ақын шәкірттерін зерттеуші ретінде Кәкітайдың ұлы Өрхамның деректеріне сүйенген.

Жалпы Абайдың туған күні туралы мәселені алғаш қозғаған менің ұстазым, профессор Қайым Мұхамедханов. Ол өзінің «Біздің Абайымыз», «Абайдың туған, баз кешкен күндері қашаннан, қалай аталып келеді» т.б. мақалаларында осы мәселені қадағалап айтты. Кейінде журналист «Егемен Қазақстанда» ұзақ жылдар қызмет жасаған Дәулет Сейсенұлы, Абай мұражайының директоры болған Төкен Ибрагимов те, Жандос Әубәкір де осы Қайым ағаның сөзін қолдады. Сонымен тоқталып барлық мәселе шешіліп келе жатқан уақытта, тағы да аяқ астынан, біз өзі жоқ жерден дау іздеп жүретін халықпыз ғой, туған күнін әртүрлі бұрмалап айтушылар көбейді. Ұстазымыз көзі тірісінде-ақ осы мәселені зерттеп, қарап «Абайдың туған күнін шатастырмайық», «Тағы да Абайдың туған күні хақында» тағы басқа мақалаларымда мен де республикалық, облыстық баспасөзде пікірімді білдірдім.

Ескіше 10 тамыз бұл жаңа стильмен 23 тамызға келеді. 1918 жылы РСФСР Халық Комиссарлары Советінің «Еуропалық календарды қолдану туралы» Декреті жарияланды. Декретке сай 13 күнге өзгеріп, 31 қаңтардан кейінгі күн 14



ӘЛІ ДАУЛЫ?

февраль болып есептелді. Сондықтан Абайдың туған күнін қозғап не керек, үйреніп қалып едік, әбден көзіміз үйреніп кетіп еді деу бұра тартушылық. Бұл Ұлы ақынды біздің бағалай алмағандығымыз. Мәдениетті елде, еуропаның әдебиет, өнер қайраткерлерінің әрбір күні, әрбір сағаты, әрбір минуты есепке алынған. Жазылған қойын дәптерлер, күнделіктер, жазысқан хаттар бар – осының барлығы олардың өмірін тұтас көз алдымызға әкелуге мүмкіндік береді. Мысалы, қашан Пушкин дуэльде болды, оның жағдайы қашан нашарлай бастады, соңғы айтқан сөзі қандай еді деген нәрсенің барлығы кезінде жазылып қалған ешқандай дау туғызбайды, ал біз дауға құмармыз.

«Қысқаша өмірбаяным» деген еңбегінде Мұхтар Омарханұлы Әуезов осы пікірін қайталайды. «Мен 1897 жылы ескіше 15 қыркүйекте, жаңаша 28 қыркүйекте дүниеге келдім» дейді. Міне айқын мәдениетті, білімді адамның сөзі. «Өз жайымнан мағлұмат» аталатын С.Садуақасов анкетасына берген жауабында: «Мен 1897 жылы сентябрьдің 15-нде туыппын. Туған жерім Семей уезіне қараған тобықты іші Шыңғыс болысында» деп атап көрсетеді. Бұл жаңаша 28 сентябрь деген сөз.

Академик Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдерінде тайға таңба басқандай жазылған: «Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 апрельде (ескіше 31 мартта) Семей губерниясы Павлодар уезі Ақкелін болысының №4 ауылында (қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы совхоз) дүниеге келді».

Қазақтың ірі суреткер жазушысы Жүсіпбек Аймауытов 1933 жылы жазған «Торайғырұлы Сұлтанмахмұт» ғұмырбаяндық очеркінде: «Сұлтанмахмұт Семей губерниясы, Кереку (Павлодар) уезі Ақбеттау (бұл күнде Шідертті) болысының қазағы. Ол 1893 (жылқы) жылы октябрьдің ескіше 15-нде Омбыға қарайтын Көшен – Қарауыл, Шабар – шаншар деген нағашыларының ауылында туады», - дейді. Жаңа стильмен 28 қазан. Барлық жинақтары мен оқулықтарда осы дата қайталананды.

Бұл тектес өмірбаяндық фактілерді тізе берсек алысқа ұзап кетеміз. Сөзіміз уәлі, айтпағымыз шындық екендігі күмәнсіз.

«Бүгінде Абаймен иықтас һәм қабілеттес әлем ақындарының өмірдерегі бүге-шігесіне дейін зерттеліп, хатталғаны былай тұрсын, қай өлеңі қашан, қандай оқиғада жазылғаны анықталып, көз алдымызда тұр... О бастан көз үйренген дата болған соң ба, әйтеуі 10 тамыздан 23-іне жете алмай, алты қарағайдың арасында адасып әлі жүрміз» - дейді егемендік журналист Маржан Әбіш «Руханият алаңы» пікірталас клубы ұйымдастырған «Абайтану мәселесі: туған күні жөніндегі деректер» тақырыпты дөңгелек үстел жайындағы хабарында. С.Оразалы, А.Мұхаметқалиқызы, Е.Тілешовтер мәселені ашық қойып «23 тамыз – хакім Абайдың туған күні болып ресми түрде бекітіліп, оқулықтарға енгізілсе құба-құп» деп мәмілеге келіпті. Абайтанушы ғалым Омар Жалелдің: «Бүгінде абайтанудың жағдайы неге мүшкіл? – дей келе, – біріншіден, Абай күнтізбелік тұлға айналды. Мерейтой қарсаңында ғана еске аламыз, қалған уақытта керегі жоқ. Ал халықтың ақынмен бетпе-бет келуіне әлі біраз уақыт бар деп ойлаймын. Екіншіден, біз Абайды науқандық тұлға қылдық... Біз қазір Абайға надандық көзқараспен келіп отырмыз», - деп аһ ұруы тегін емес. Ауыр да болса ащы шындық айтылған.

Абайды тануға, зерттеуге құлықсызбыз. Жаңа стильге көшкенімізге бір ғасырдан астам уақыт өтсе де Абайдың туған, өлген жылдарын белгілеуде сіресіп, кежегіміз кері тартып бойкүйездікке жол беруіміз ендігі жерде төзбестік ахуал.

М.Әуезов: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда маған Абай деген сөз қазақ деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар сияқты».

Баршамыз ұлы Абайды құрметтеуде Мұхтар Омарханұлының жүрегінің тереңінен шыққан кемеңгер толғамына бір сәтке ғана көз салсақ абайтану шығар биек шыңға айналмақ. Абай жөнінде жазушылардың Темірқазығы Мұхтар Әуезов ұстанымына айналар уақыт жақындағанына үміттіміз.

Қазақ елінің күнтізбесінде Абайдың туған күні 23 (ескі 10) тамыз, қайтыс болған күні 5 шілде (ескіше 23 маусым) екендігі барша қайсылымдардан орын тебуі керек. Ендігі жерде өнбейтін дауды қопсытудың, қопарудың жөні жоқ.

10 тамыз Абай күні деп бекітілді. Бұл – рухани мекке. Біздің міндетіміз Абай күнін қайтсек ғибратты меккеге айналдыра аламыз, өзге де тұлғаларымызға бір-бір күнді арнап Абай күнінің қадірін кетіріп алмасақ болғаны?! Себебі Абай – дара, Абай біртуар қазақта.

Абайдың туған күні де әлі даулы. Бұны дәлелдейтін құжат сақталмаған. Науқаншылыққа салынып Абайды күнтізбелік тұлғаға айналдырғанда не ұтпақпыз? Әрине ақын өміріне қатысты қандай да бір датаның анығына жетіп жатсақ құба құп. Бірақ Абайды насихаттаудың маңызы әлдеқайда салмақтырақ емес па?!

АБАЙ – ИДЕАЛ ТҰЛҒА

Адамзат баласы идеалсыз өмір сүре алмайды. Абай – идеал тұлға. Абай сөзі - адастырмас темірқазық, кең жолда жақсы мен жаманды өлшер мизан таразы. Қазақ дүниетанымындағы толық адам, кемел адамның идеал ұғымы да Абайдан басталды. Оның мәнісінде ақын Абайдың шығармашылығындағы бүкіл адамзат қауымына деген таза гуманистік көзқарасы жатыр. Абай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» деп адам бойындағы биік қасиеттерді сөз өнерінде дәріптеді.

Абайдың алтыншы қара сөзінде айтқан мына бір ойы: «...бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес... Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда өркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді» әлем халқының бірлігінің тұжырымдамасы тәрізді. Ұлы гуманисттің бұл тұжырымы адамдарды түріне, нәсіліне, дініне қарамай бірлік қылып, қасиетті Жер-Ананы мәңгілік мекеніне айналдырудың темірқазығы болуы керек. Ойшыл-ақынның осы сияқты тұжырымды пікірлері өз заманында ғана емес, бүгінгі қоғамның да өткір мәселесінің жол нұсқаушысы.

*Расы жоқ сөзінің,
Ырысы жоқ өзінің,
Өңкей жалған мақтанмен
Шынның бетін бояйды.
Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айтылмай сөзім қалған жоқ,
Абайлаңыз, байқаңыз*

- деп қазақтың бойындағы жағымсыз мінездерін сынады. Ол міннен біз арылдық па?

Ал Абайды қалай танытып жатырмыз, қалай насихаттап жүрміз? Міне абайтанудағы ең өзекті сұрақтардың бірі. Жас ұрпақ Абай сөзін қаншалықты ұғына алып жүр. Ұлы ақынды танытуға бағытталған балаларға арналған дүниелер жоқтың қасы. Ізгілік пен адамгершілік мұраттарға жетелейтін Абай сөзін үйретуді нәліктен балабақшадан бастамаймыз? Бала жасына лайықты Абай өмірін, рухани мұрасын насихаттайтын фильмдер мен мультфильмдерге де сусап отырмыз.

Еліміз бойынша Абай атындағы көшесі ең көп аймақ батыс өңірі екен. Ал біз Семей қаласындағы бір мектепке Абай атын беруге неге зәруліміз. «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым, етекбасты көп көрдім елден бірақ» деген Абай кейісі еріксіз ойға оралады. Абайдың Отанында тұрып, ақынның білімге көкірек көзін ашқан қарт Семейде Абай атындағы мектептің жоқтығы – бұл елдігіміз бен намысымызға сын болар ащы шындық.

Кемеңгер Мұхтар Әуезов «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп жап-жас кезінде қалай даналықпен айтқан десеңізші. Бесік – ол Отаның, ол туған жерің. Туған еліміздің түтіні түзу болсын!

**Ақмарал СМАҒҰЛОВА,
Шәкәрім университеті
«Абай және ұлттық руханият»
ҒЗО-ның маманы, ф.ғ.к.**



ҚАЙТА ОРАЛҒАН ӘЛІППЕ

/ғалымның пікірі/

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы жарық көрген оқу құралынан бастау алады. Автор оқу құралын қазақ балаларының ұлттық санасын, жас ерекшеліктерін мейлінше ескере отырып, сол дәуірдегі ең озық тәжірибеге барынша арқа сүйеп, алдыңғы қатарлы ғибратты шығармалар негізінде түзген. Кейіннен бастауыш мектепке қатысты сол кезеңнің жаңаша талаптарына сәйкес 1925 жылы ескі оқу құралының орнына өңделіп, толықтырылған «Жаңа әліпби» атты оқулығы жарық көреді. Аталмыш кітап әрі оқулық, әрі дидактикалық материал, әрі әдістемелік нұсқау міндеттерін қоса атқаруымен ерекшеленеді.

«Әліппе» оқулығының жарыққа шығу барысына көз жібере отырып, әр дәуірдің тыныс-тіршілігі, қоғамдық-саяси, тарихи-мәдени жағдайлар ықпал жасағанын аңғарамыз. Мәселен, 1929 жылы қазақ алфавитінің латын графикасына көшуі, бастауыш білім беруге қатысты түрлі қаулы-қарарлардың шығуына байланысты жаңа талаптарға сай келетін оқулық жазу мақсаты күн тәртібінен түспеді.

Тәуелсіздік танымымен бірге ортамызға келген «жариялылық» сынды ілгерішіл ұғымдар ерлікпен суарылған көне тарихтың белгісіз қатпарларын ақтаруға жол ашты. Қоғамдық ірі ауысымдар әкелген тәуелсіздік рух аясындағы білім үдерісі өзгеше сипат ала бастады. Осы жылдары бабалар тарихынан сыр шертетін, баланың сауатын ашып қана қоймай, жас кезінен ұлттың дәстүрлі дүниетанымына баулитын, ерлік рух пен қаһармандық мұраттарға тәрбиелейтін 1997-2015 жылдар аралығында қолданыста болған Ш.Әуелбаев, Ә.Наурызбаева, Р.Ізғұттынова, А.Құлажановалардың авторлығымен шыққан жаңа буын әліппесі өркениеттік тағылым биігінен алғанда ғылым мен білімнің бастау кезіне айналды.

Жаңартылған оқу бағдарламасы мен білім мазмұнына сәйкес 2016 жылдан бастап 1 сынып оқу үдерісіне «Әліппенің» орнына «Сауат ашу»

оқулығы енгізілді.

Алайда ақпараттар ағыны толассыз дамыған бүгінгі таңда білім әлемінде даналыққа жетелейтін ұлттық рухта тәрбиелейтін «Әліппе» құрастыру талабы қойылды. Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетовтың «А.Байтұрсынұлының әдістемесін жаңғырту» бастамасы ұлттық құндылықтарға негізделген «Әліппе» пәнінің бағдарламасы мен оқулығын жаңаша қарастыруға мүмкіндік берді.

А.Байтұрсынұлы әдістемесі негізінде әзірленген, 2020 жылдың қыркүйегінен 2021 жылдың сәуіріне дейін сараптаманың 5 кезеңінен өтіп, сараптамалық комиссияның шешімімен базалық оқулық ретінде «Атамұра» баспасынан дайындалған Ә.Жұмабаева, Н.Құрман, Б.Сәбденовалардың «Әліппе» оқулығы 5 жылдан соң оқушылармен қайта қауышты.

Бұл «Сауат ашу» пәнінен үзілді-кесілді бас тарту ғана емес, сайып келгенде өткен тарихымызды терең түсініп, бүгінгі өміріміз бен келешегімізді сараптауға, ақиқат таразысына салауа септігін тигізе отырып, саналы ұрпақ тәрбиелеуге жол ашды.

Қолымызға алып парақтамасақта, А.Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде ұлттық табиғи таныммен жазылған «Әліппе» рухани құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақтың қалыптасуына негіз бола отырып, тұтас ұлттың төл дидактикасын қалыптастыруға, қазақи ойлау жүйесін орнықтырып, әлемдік білім кеңістігінде толымды дәрежеде лайықты орнын алатынына сенімдіміз.

Демек, «Әліппенің» қайта оралуы байырғы ұлттық құндылықтарымызды тереңнен қаузап, көшпенділер мәдениетінің ұлы сарқытын жаңғыртуға игі ықпал ететіндігі анық.


ЖАНБОТА СЕКЕЙ,
Шәкәрім университетінің
оқытушысы, филология
ғылымдарының кандидаты

ӘЛІППЕМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫҚ

/ғалымның пікірі/

Әліппе – алғашқы сауат ашу құралы. Әліппе баланың тек сауатын ашып қана қоймай оның ойы мен тілінің дамуында, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда қызметі ерекше. Баланы халқымыздың ұлттық дүниетанымы мен әдет-ғұрпына баулу, отаншылдық және адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіртуде де маңызы зор.

2016 жылдан бастап мектеп табалдырығын аттаған оқушыларға "Әліппе" кітабының орнын «Сауат ашу» оқулығының алмастырып келгені белгілі. Алайда «Сауат ашу» оқулығының оқушының қабылдау деңгейіне қиындық тудыратындығы мен тапсырмалардың да күрделілігі баса айтылды. Осындай түрлі сыни пікірлерден кейін әліппе 2021-2022 оқу жылында ортамызға қайта оралып отыр.



Әліппе кітабының бүгінгі күні мектеп бағдарламасына қайтадан енуі барша көпшілікті қуантатыны анық. Дегенмен, жаңа әліппенің «қандай болатыны», «мазмұндық жағы» да алаңдатушылық туғызатыны сөзсіз.

Әліппе пәнінің басты мақсаты – балаға әріптерді таныта отырып оқу мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру екені белгілі. Осы тұста «жаңа әліппенің» бірнеше маңызды тұстарын атап өтуге болады. Бүгінгі таңдағы білім беру саласында өзекті болып отырған мәселенің ең бастыларының қатарында оқулықтың мазмұндық жағы мен оқушы физиологиясы, психологиясын ескеру қажеттілігі болса, жаңа әліппеде бұл тұстарын басты назарға алғаны байқалады.

Дыбыспен жаттықтырудың аса қажеттілігін басты назарда ұстай отырып, нақтырақ айтқанда сөз ішіндегі дыбыстарды тізбелемей тұрып оқу мен жазуға үйретудің қиыншылық тудыратынын ескереді.

Әліппе пәнінің білім мазмұны тыңдалым мен айтылым, оқылым, жазылым кезеңдерін негізге алатыны айқын.

Қолына әліппе ұстаған оқушы дыбыс пен әріпті ажырата отырып мәтін-сөйлем, сөйлем-сөз, сөз-буын, буын-дыбыс деңгейлерін толық меңгеріп шығады. Оқу түрлерін игере отырып оқу жылдамдығының қарқынын қалыптастыра алады. Әрі түрлі суреттермен таныса отырып шағын мәтінмен де танысады. Дұрыс, сауатты сөйлеуге де дағыланады.

Оқушының есте сақтау қабілеттері мен ой-ерістерінің жетілуінде ықпалы зор болмақ.

А.М. ЖУМАГУЛОВА,
Қазақ филологиясы және
журналистика кафедрасының
доценті м.а., ф.ғ.к.



ЖАСТАР САЯСАТЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА ЖЕҢІМПАЗЫ

Жастар саясаты бөлімінің басшысы жоба жеңімпазы болды. «Шығыс Жастары» қоғамдық қорының атқарушы директоры – Айдос Абылғазыұлы Төлеуқанов 2 500 000 теңгені құрайтын әлеуметтік жобаның жеңімпазы атанды.

байқаулар, өнерпаз жастарға арналған кештер, әдебиет апталығы және осы мақсаттағы шаралар ұйымдастырылатын болады.

«Ауыл жастарының шығармашылық және интеллектуалды әлеуетін арттыруға бағытталған қызмет» аясында «Әлеуметтік керуен» жобасы іске асырылып, ауыл жастарына мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру, жастардың көкейкесті сауалдарына жауап беру мақсатында кездесулер ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, ауыл жастар форумы және ауыл жастарына арналған шаралар өткізу жоспарланған.

«Жастар арасында құқық бұзушылық деңгейін

төмендету және NEET санатындағы жастармен жұмыс бойынша әлеуметтік қызмет» те қарастырылған. Аталмыш жоба барысында аула аралау жұмыстары, тренингтер мен мастер кластер, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері ұйымдастырылатын болады. Жылдың аяғында жоба бойынша қорытынды жасалынып үздіктер мен белсенділер марапатталатын болады.

Айта кетейік, барлық іс-шаралар карантиндік режимді сақтай отырып, «Шәкәрім жастары» интеллектуалды орталығының белсенді жастарымен бірлесе жүзеге асырылады.

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті

Аталмыш қор 2018 жылы құрылды, бүгінгі күнге дейін облыстық, қалалық деңгейде 20-ға жуық әлеуметтік жобалардың жеңімпазы атанған.

2021 жылы Семей қаласы «Ішкі саясат бөлімінің» әлеуметтік тапсырысы бойынша:

«Жастар арасында тәуелсіздік құндылықтарында дамытуға бағытталған әлеуметтік қызмет» ба-рысында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған арнайы шараларды қамтиды. Жоба аясында ақындар айтысы, шығармашыл жастар арасында



ЖАС МАМАН ЖАСТАР САЯСАТЫ ГРАНТЫНЫҢ ИЕГЕРІ

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің маманы жоба жеңімпазы болды.

«Интеллектуалды жастар қауымдастығы» қоғамдық қорының атқарушы директоры – Айман Молдақашева 960.000 теңгені құрайтын әлеуметтік жоба жеңімпазы атанды.

Аталмыш қор 2019 жылы құрылған болатын. Сол уақыттан бері қаламыздағы пікірсайыс қозғалысының дамуына жұмыс жасап келеді. Одан бөлек «Үш анық» интеллектуалды ойын лигасы құрылды, қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты жұмыс онлайн форматта өткізілуде.

Бұл игі іс-шаралар жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, білімді жастардың өз білімдерімен бөлісу мақсатында ұйымдастырылады.

Айта кетейік, 2021 жылы Семей қаласы «Ішкі саясат бөлімінің» әлеуметтік тапсырысы аясында университетімізде «Жастардың интеллектуалды қабілеттерін арттыруға бағытталған әлеуметтік қызмет» іске асырылуда. Қызмет барысында мектеп және жоғарғы оқу орындарындағы пікірсайыс қозғалысын дамыту, пікірсайыс турнирлері мен интеллектуалды ойындар ұйымдастырылып келеді.

К 30-ЛЕТИЮ ЗАКРЫТИЯ ЯДЕРНОГО ПОЛИГОНА

29 августа 2021 года исполняется тридцать лет с тех пор, как на казахстанской земле прогремел последний ядерный взрыв.

Семипалатинский испытательный ядерный полигон в течение 40 лет проводил испытания, которые отнимали и продолжают отнимать здоровье у людей, губить окружающую природную среду.

За весь период функционирования полигона произведено 456 ядерных взрывов, суммарная мощность которых составила 17,7 Мегатонн, что в 1200 раз превышает мощность атомной бомбы, сброшенной на Хиросиму.

Для радионуклидов, образующихся в результате атомных взрывов характерны высокая токсичность, способность вызывать мутации и раковые заболевания, а самое страшное – накапливаться в живых организмах. Для многих радионуклидов не применимо понятие «самоочищение». Например, для распада только половины ядер плутония(239) требуется 24 ты-



сячи лет!

Образовавшиеся в результате ядерных и особенно воздушных взрывов (а их было 86) радиоизотопы быстро распространяются по планете.

Время полного переноса их вокруг Земли составляет 10-14 суток. Таким образом, в какой бы точке планеты не проводились ядерные испытания, они оборачиваются глобальными последствиями для всего человечества.

29 августа 1991 года Елбасы Нурсултаном Назарбаевым издан Указ о закрытии полигона и наложен мораторий на испытания ядерного оружия в нашей стране. Это событие внесло огромный гуманистический, экологический, исторический и по-

литический резонанс во всем мире.

**Е.П. ЕВЛАМПИЕВА,
руководитель отдела по управлению
научной деятельностью.**



БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ - ЕЛДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

«Білім және ғылым – елдің тұрақты дамуының кепілі» тақырыбында педагогтердің республикалық тамыз конференциясының пленарлық сессиясы өтті. Ұстаздардың дәстүрлі тамыз кеңесін өткізген Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов білім жүйесіндегі бірқатар өзгерістерді айтып шықты.

Қыркүйектен бастап «Әліппе» және «Ана тілі», «Букварь» және «Обучение грамоте» оқулықтары бірінші сыныптарда қайтадан оқытыла бастайды.

Министрдің айтуынша, жаңа «Әліппе» ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының едістемесі негізінде

жасалған.

Жаңа жылдан бастап балабақша мен мектеп, колледж мұғалімдерінің жалақысы 25%-ға өседі деп жоспарлануда. Тағы бір өзгеріс, осы қыркүйектен бастап мұғалім мектепке электронды түрде қабылданады. Яғни, бұрынғыдай мектеп ди-

ректоры өз бетінше шешім шығарып отырмайды, сондай-ақ мұғалімдер де оқытатын пәндеріне қажетті оқулықты таңдап оқытады.

Сонымен қатар ЖОО-ын қызметінің типтік ережелеріне өзгерістер енгізілді. Білім ордасы студенттерді қашықтықтан оқыту үшін арнайы лицензия алуы керек. Лицензия ақпараттық жүйесі мен осындай оқу үлгісіне дайындалған педагогтары жеткілікті болған жағдайда ғана беріледі.

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ,
журналист

ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА И АДМИНИСТРИРОВАНИЯ НАУКИ

Представители Департамента науки Университета Шакарима приняли участие в секционном заседании «Вопросы совершенствования законодательства и администрирования науки», проводимого 4 августа 2021 г. Комитетом науки МОН РК в рамках Республиканской августовской конференции.

Заседание проводилось с участием Вице-министра образования и науки РК Куанышем Ергалиевым.

Председатель Комитета науки Жанна Курманғалиева выступила с докладом по основным направлениям деятельности Комитета науки в плане совершенствования законодательства и администрирования науки.

Спикерами были рассмотрены такие актуальные вопросы как:

- нормативные изменения в аттестации и подготовке научных кадров;
- планирование, реализация, мониторинг и оценка эффективности НИОКР;
- развитие биологической науки Казахстана;
- законодательство в области инноваций и др.

Собственным опытом реализации



стратегии развития науки поделились Назарбаев Университет, АО ФНБ «Самрук-Казына», Казахстанский институт нефти и газа, Национальный аграрный научно-образовательный центр, Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, ВКТУ им Д. Серикбаева.

Представители научных общественных объединений, отраслевых госорганов, научных организаций, вузов, казахстанские ученые и отраслевые менеджеры задали интересующие их вопросы представителям Комитета науки и пожелали успешного совершенствования научной деятельности в Казахстане.

Е.П.ЕВЛАМПИЕВА,
руководитель отдела по управлению научной деятельностью

УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛЫҒЫ СТУДЕНТТЕРМЕН ОНЛАЙН КЕЗДЕСТІ

Шәкәрім университетінің басшылығы Zoom, Facebook, Instagram платформаларында студенттермен онлайн кездесу өткізді.

Кездесудің басты мақсаты – оқу үдерісіндегі өзгерістермен ақпараттандыру, жаңа оқу жылын ұйымдастыру және жатақханаға орналасу тәртібін түсіндіру.

Эфир барысында білім берудің дәстүрлі форматына көшудің шаралары таныстырылып, студенттер тарапынан келіп түскен сауалдарға жауап берілді.

Live Stream-ге қатысқан 800-ден аса студент оқу форматы, студенттер үйінде тұру ережелері, ЖОО-ның қабырғасында санитарлық нормалар мен ережелерді қамтамасыз ету және т.б. мәселелер туралы жауап алды.



РУКОВОДСТВО УНИВЕРСИТЕТА ВСТРЕТИЛОСЬ СО СТУДЕНТАМИ ОНЛАЙН

Руководство университета Шакарима провели онлайн-встречу со студентами на платформах Zoom, Facebook, Instagram.

Главная цель встречи-разъяснение порядка организации нового учебного года и заселения в общежития.

В ходе эфира были даны ответы на поступившие вопросы от студентов.

Более 800 обучающихся, принявших участие в Live Stream, получили ответы по вопросам формата обучения, правил проживания в студенческом доме, обеспечения санитарных норм и правил в стенах вуза и др.

**Шәкәрім университетінің Медиа орталығы
Shakarim University
Media Centre**

ШӘКӘРІМ ШАҢҒЫРАҒЫНДА АБАЙ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

/рухани басқосу/

Абай күніне орай «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Абай жылынан соң...» атты дөңгелек үстел өтті.

Онлайн шараға филология ғылымдарының докторы, профессор А.Еспенбетов пен Басқарма мүшесі – әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Б.Иісбекұлы, филология факультетінің деканы А.Қадыров бастаған профессор-оқытушылар құрамы, шетелдік ғалымдар сондай-ақ, қаламыздың бірқатар қоғам қайраткерлері белсене қатысты.

«Шәкәрім университетінде Абайтану, Шәкәрімтану айналасындағы ғылыми зерттеу аясы әр қырынан бүгінде барша зерттеушілерге аян. Соның бірі «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының Абайдың баласы Тұрағұл Абайұлының «Әкем Абай туралы» атты еңбегі. Бұл еңбектің өзіндік бір құндылығы әкесіне деген сағынышы, біз біле білмейтін ұлы ақынның болмысын осы естелік арқылы таныса аламыз», - дейді «Абай және ұлттық руханият» ҒЗО-ның маманы, модератор А.Смағұлова.

Кіріспе сөз ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Арап Слямұлына беріліп, Абайтану саласындағы құнды естелік тақырыбына сөз алды.



Б.Иісбекұлы «Абай» web қосымшасының ерекшелігі жайлы айтып, Абай мұрасының рухани құндылығы мен бұл күннің маңыздылығын ерекше атап өтті. Сонымен қатар Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Н.Шынтай «Мүрсейіт қолжазбасы», ф.ғ.д. А.Ақтанова «Ертегілердің тағылымдық мәні», ф.ғ.к., доцент Ж. Әубәкір «Абайға тағзым және тағлым», PhD Қ.Әубәкірова «Абай шығармашылығындағы метафизикалық категориялар», магистр М.Түлекова «Тұрағұл еңбегін ағылшын тіліне аударудың маңызы» тақырыптарында баяндама жасады.

Түркия мемлекеті Памуккале

университетінің профессоры Нергиз Бирай «Абай шығармаларының түрік тіліне аударылуы» аясында баяндама оқып, түркиялық ғалымдар мен білім алушылардың Абай шығармашылығын аударудағы үлесін атап өтті.

Абай күні – Абайды ұлықтайтын бүкіл Алаш үшін ерекше мереке. Себебі, Абай - дара, Абай - дана қазақта. Әр жыл сайын мерекелеуге лайықты осынау күн рухани байып, мәдени құндылығымызды көтеріп, адамшылық пен ізгілікке жетелейтіні анық.

#Абайкүні
#ShakarimUniversity

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты дерпартаментінің директоры облыстық «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары қызметінің үйлестірушісі

2021 жылдың маусым - қазан айлары аралығында «Шығыс Қазақстан облысы Жастар ресурстық орталығының» тапсырысымен облыс бойынша «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының Республикалық штабы» ШҚО филиалының басшысы Карибаев Мақсат Серикович «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 1200 жасты жұмыспен қамту қызметтерін атқаруда.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасағы 2005 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты дәстүрлі Жолдауы негізінде құрылған көшбасшы жастар ұйымы. Жастарды бос уақытын ұйымдастырып, жұмыспен қамтуда шараларын атқарғанына 16 жыл бол-

ды.

«Жасыл Ел» еңбек жасақтарының қызметінің негізгі мақсаты - жастардың күшімен елімізді көгалдандыру, елдімекен айналасын жасыл ағаштармен көмкеру, көркейту, сонымен қатар жастардың Отанға, жерге, табиғатқа деген махаббатын, патриоттық сезімін ояту. Ең бастысы, жылына қаншама жастарды осы іске тарта отырып, олардың арасындағы жұмыссыздықты төмендету.

ШҚО 19 қалалары мен аудандарындағы 16-29 жас аралығындағы студенттер, мектеп оқушылары, жұмыссыз жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар және қылмыстық-атқару жүйесі департаментінде тіркеуде тұрғандар қатарынан 1200 адамды «Жасыл Ел» сар-

баздары қатарында жұмысқа орналасты.

«Жасыл ел» сарбазына әлеуметтік жобаны қаржыландыру есебінен 2 базалық лауазымдық еңбекақымен (35 394 теңге) жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы алымдары мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар алынып төленді. Сонымен қатар, жұмыс берушілер есебінен кем дегенде 2021 жылғы ең төменгі жалақы мөлшерінде қосымша ақымен қамтамасыз етілді (42500). Жұмыс беруші тарапынан сарбазға ең төменгі жалақы мөлшері көлемінде төленіп, қосымша 11,5% құрайтын әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдар төленді. Сарбаздарға арналған брендтелген



жиынтық киім – логотипті футболка, логотипті кепка және логотипті шалбар таратылды. Жазғы уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында Шәкәрім университетінің 100-ден аса студенттері «Жасыл ел» бағдарламасы арқылы Шығыс Қазақстанның аудандары мен қалаларында жұмыс жасап, қызметтері үшін жалақы алып, өз елді мекенінің абаттандыру мен көгалдандыру шараларына белсене қатысты.

Жасыл ел қатарында жұмыс жасаған сарбаздарға сәттілік!

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ АҚЫН ТӘҢІРБЕРГЕН ӘМІРЕНОВ

Халық ақыны Тәңірберген Әміреновтің ақындық қабілетінің ұшталуына Абайдың, Абай қалыптастырған әдеби ортаның әсер-ықпалы күшті болды. Абайға ұқсап өз дәуірінің шындығын, қоғамдық құбылыстарды шынайылықпен беруге тырысты. Тәңірбергеннің халық бойындағы ертеден арылмай келе жатқан мін-кемшіліктерді батып сынап, ел-жұртты адамгершілік пен адал кәсіпке, еңбек пен өнер-білімді игеруге шақыратын өлеңдері ұлы Абай ойларымен терең астасып үндесіп отырады.

Абайдың:

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Мал құмар көңілі – бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі? –

деп надан да, малқұмар молданы сынағанындай Т.Әміренов те өз заманындағы дүние кұған дінбасыға қарата:

Кісі өлгенін естісе құлақ шалып,
Қуанбаса қайғырмас молда налып.
«Жаназасы қашан?» деп қутыңдайды,
Қызыл көрген құзғындай қоразданып, – дейді.

Тәңірберген Әміренов табиғатты жырлауда халықтық поэзия мен Абай қалыптастырған нағыз суреткерлік шеберлікті ұштастыруға ұмтылды.

«Аяз ата» (1976) деген өлеңі Абайдың «Қысын» еске салғандай. Аяз атаның бейнесін беруде ұлы ақынға кейде ұқсап, кейде алшақтап отырғанымен, нысан біреу болғандықтан, бірін-бірі қайталау қайткенде де ұшырап қалуы таң емес. Ал, сол бейнені жырлау үстінде, өз заманының тынысын сездірудегі ақынның даралығын анық байқаймыз:

Ақ күпі үстіндегі алқын-жұлқын,
Салбырап сүңгі басқан сақал-мұртын.
Мұз кірпік, тұман қабақ, қырау маңдай,
Айнымас қас батырдан көрсең сұрқын, –

Ақын қолданысындағы «мұз кірпік», «тұман қабақ», «қырау маңдай» эпитеттері – Абай түрлеген құбылтулардың келісті жалғасы. «Қас батырдай» сұсты адам кескіні көз алдыға елестейді. Абайда боранның қаттылығын «алты қанат ақ орда үй шайқалуынан» білсек, Тәңірбергенде ашулы адамның қимыл-әрекеті негізінде көрінеді:

Қалшылдап қаһарланса бет қаратпай,
Адамның қаймықтырып алған ырқын.
Ышқынса танауынан дауыл тұрып,
Айдады дүркіретіп, көктің бұлтын, – деп айшықты

сурет шебер дамытылған. Ары қарай Абай кейіптеуінің жарамды жалғастығын байқауға болады:

Долданса, көмейінен көбік құсып,
Бүркейді ақ кербіндеп жердің сыртын.
Сықырлап ызғарынан басқан жері,
Бөркінен боран соғып дүркін-дүркін.

Осы шумақтағы тың кейіптеу – көбік құсып (түкіріп тұрған жоқ) және ақ кербін бүркеуі.

Абайдағы «Басқан жері сықырлап келіп қалды» («сықырлау» – қардың қаттылығын дәл беретін етістік) деген өлең жолы Тәңірбергенде «Сықырлап ызғарынан басқан жері» болып қиуын тапқан. Осы тәріздес ұқсастықтар өлеңнің өне бойынан кездесіп отырады.

Абайдағы «Бет қарауға шыдамай теріс айналды», Тәңірбергенде «Қалшылдап қаһарланса бет қаратпай»; Абайда «Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда», Тәңірбергенде «Долданса көмейінен көбік құсып», Абайда «ақ киімді, ақ сақалды» болса, Тәңірберген ақында «ақ күпілі, сүңгі басқан салбыраңқы сақал-мұртты».

Өлең жолдарына сәл өзгерту енгізе отырып, «Абайды қайталауы» да Тәңірбергеннің сөз саптауының өзіндік ерекшелігін танытады.

Абай мен Т.Әміренов арасындағы ұқсастықтар Абай дәстүрінің аясында кейінгі ақынның өзіндік стиль қалыптастыра білген шеберлігін айқындайды. Табиғатты жырлауда қазақ өлеңін классикалық дәрежеге көтерген Абайдың дәстүр-тәлімін (кейіптеу, теңеу, суреттеу тәсілдері мен амалдары) Тәңірберген ақын өз туындыларында жаңарта жаңғыртты.

Қорыта түйіндесек, Тәңірберген Әміренов дәстүрлі ақындық поэзияны дамытушы, Абай дәстүрін жалғастырушы Абай үлгісіндегі ақын.

Ш.С. КЕҢЕСБАЕВА,
ф.ғ.к.



АБАЙ ЖӘНЕ ӘСЕТ

Абайдың ақын шәкірттерінің арасында әнімен де, сөнімен де танылған дара тұлға – Әсет. Ол Абайдың өлең мен әнге қояр талабын құстың қос қанатындай бірге өрілте алып жүрді. Оның Әсеттің ғибраттық поэзиясындағы өлеңдеріне әр беріп, рухани жағынан қабысып тұрғанын аңғарамыз. Және де ұлтты өткен ғасыр басында толғандырған ұлттық эстетика мәселесін өлеңнің бір ғана шумағына сыйдыра білу шеберлігі де бар. Абайдың:

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» түріндегі өлең сөзге қойған талабы Әсет тарапынан:

«Айтқанға өлең өнер жөнін біліп, Қисыны түзу келсе ішке кіріп», – деп басқаша қырынан танылады.

Абай өткендегілердің өнегілі істерін өз тарапынан жалғастырып қана қоймай, замана талабына сай келетін бүгінгі өнерге, поэзияға қойып отырып талаптарын терең ұғынып, өзгеден, яғни Батыстан орыс әдебиеті арқылы өзі ғана үйреніп қойған жоқ. Артынан ерген шәкірттерін де, өзгенің тозығынан жиреніп, озығынан тәлім алуға ақылмандықпен жетеледі. Замананың хал-күйінің Абайды тебіrentкен, толғантқан, ашу-ызасын келтірген отаршылдық өлегін суреттеу дағдысын шәкірттері де іліп әкетіп, замана тіршілігінің шынайы бейнесін ашатын өнер құдіретіне өздерінің де үлестерін қосты.

Ел көкейіндегі өзекті тақырыптың көзге көрінбейтін тереңіне оймен бойлап, сөзбен сүңгіген Әсет ақын да отаршылдық нәубеті тудырған ұлт портретіндегі келеңсіздікті елінің бетіне басып, намысын жанитын семсер жырында:

Мақсатың – ойын-күлкі қыз-келіншек,
Ендігі жас, болмаңдар енді еріншек.
Сұр шекпенін сүйреткен ит қорлықта,

Отырмыз қайдан келіп біз келімізек? – деп, ұлтына рухани-саяси, патриоттық сезімді оятар сауал тастай аяқтайды. Ақын осы өлеңінің соңғы финалдық тармағындағы «біз келімізек» деген жарасымды тіркесімі арқылы халықтық ұғым-түсініктегі «өмірдің өгей баласын» философиялық тұрғыдан интерпретациялап отырған жайы бар. Яғни, сол дәуірдегі орын алған үлкен қасірет қазақтың жерінен айырылу трагедиясын бір ғана бүтіннің бөлшегі болып табылатын «келімізек» сөзінің бойына сыйғызады.

Қандай да бір ақын шәкірттің өзіне дейінгі дайын поэтикалық үлгілерден үйренер болса, өз бет-бейнесін жоғалтып алмайды, қайта өзінің авторлық дербестігіне қол жеткізеді. Ал өнегесіз үлгілерге еліктеп-солықтаса, қол жеткізген көркем дербестігінің құндылығы уақыт керуені өте келе, табиғи мөрі солғындап, өшіп жоғалады. Осындай барша қаламгерлерге аян шығармашылық өнеге әдебиетімізде А. Құнанбаев арқылы орнықты. Міне, сөйтіп, Абайдың жанашырлықпен айтқан қатал да, ащы сыны Әсеттің Абай түрлеген ақындық дәстүрге, қазақ әдебиетіндегі жаңа бағытқа түсуіне сеп болды.

Ж.Ж. АИТОВА,
ф.ғ.к.

ҚАЛИХАН АЛТЫНБАЕВТЫҢ АБАЙТАНУ АЯСЫНДАҒЫ МАҚАЛАЛАРЫ

Өз заманынан сөз ұғарлық, ой танырлық орта таппай, жұмбақ жанға айналған ол келер ұрпаққа үміт артып, «жүрегімнің түбіне терең бойла» деп үн қатты. Сондықтан да, кез-келген халықтың маңдайына біте бермейтін сирек кездесер ірі де күрделі тұлғаның, сан қырлы дарын иесінің жұмбақ жанын түсініп, сырын ұғу, оның парасат болмысын ұлт мәдениеті аясында кең танып білуге ұмтылу абайтанушы, әдебиеттанушы ғалымдардың ғана міндеті болмаса керек. Өйткені Абайды тану – адамды тану, ұлтты тану, қала берді өзінді өзің тану. Ал өзін-өзі тани алмаған халық өзін өзгеге таныта да алмайды. Ондай халықта келешек те жоқ.

Міне, осыны пайымдай білген парасат иелері халықтың рухани жанының айнасы Абай қалдырған асыл мұраны ардақтап, оны ұғып, білуге қал-қадірінше күш салып келеді. Бұл қатарда қазақ поэзиясының тарихында өзіндік орны бар, шалқар шабытты айтыскер ақынымыз Қалихан Алтынбаевтың да орны ерекше. Арнайы абайтану ғылымына сүбелі үлес қосқан зерттеу еңбектің авто-

ры болмаса да, Абайдың ақындық болмысы, өскен ортасы, араласқан адамдары мен сырлас жақындары, жинақтап айтқанда, Абай және оның ортасы мен заманы жайлы жазған жазбаларымен танымал. Қ.Алтынбаевтың «Абайтану аясы кеңі түссе», «Ербол Көмекбайұлы», «Зере әже», «Айттым сәлем, Қаламқас!», «Үлкен тақырып төңірегінде», «Кемеңгер Абайдың көрнекті шәкірті», «Эпопеядағы бір есім жайында», «Ұлылар шыққан орта», «Баласы Өскебайдың атым Салық», «Ырғызбай әулеті және Найман елі», «Әлемдік тұлғаға шаң жұқпаса керек!», «Ұлы тойдың жүлдегері», «Абай есімі туралы», «Абайды танып болдық па?» атты мақалалары осының айғағы.

Қ. Алтынбаевтың абайтану аясындағы мақалаларының әдеби, танымдық және тағылымдық маңызы бар. Оқырманның Абай мұрасы, оның айналасындағы өнер иелері, ақын шәкірттері туралы білім, түсінігін кеңейтер деректер өте мол.

Қ.Т. ТӨЛЕБАЕВА,
ф.ғ.к.



ЕҢСЕЛІ МЕКТЕПТІҢ ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТІ

Көпшілік Шыңғыстау топырағында данышпан Абай, ғұлама Шәкәрімнен кейінгі уақытта ұлылық ұясының ұлағатын ұстаған Шәкір деп бағалады. Ол бесігінен Абай әнінің әлдіне қанып өскен. Даналықтың дәні себілген Шыңғыстау топырағындағы ұлылардың ұлылығын тыңдап өсті. Түйгені көне көз қарттардың, дуалы ауызды шешендердің әңгімелері, ұлы Абай, Шәкәрімдер оқыған кіпаптар, олардың айтқан ойлары, жазған шығармалары, жарыса таласып айтылып жатқан пікірлер, кез келген арнайы оқу орнынан артық мектеп. Ш.Өбенов Абайды, Абайдың ақындық мектебінің таланты, талапты, дарынды шәкірттерінің шығармаларын тыңдап, жаттап өсті, ерекше қабілетінің арқасында өлең өнерін еркін меңгерді, Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырған атақты ақын болды. Абай, Шәкәрімдер білген түрік, орыс, араб тілдерін меңгерді. Домбыра, гармон, скрипка аспаптарын еркін меңгерген шебер музыкант, өлеңге ән шығарып ән айту қабілеті де жоғары әнші. Естігенінің жадында сақтап, жаттап алу, табан астында суырып салуға қабілеті. Ескінің әңгімелерін көп білетін, жыр, қиса-дастандарды жаққа айтатын ес қабілетінің ерекшелігі тағы бар. Шәкір ақын жастайынан құлағына сіңісті болған Абайдың даналық білгірлігі, адамдық парасаты, әділдік-адамгершілігі туралы сан алуан әңгімелерді ой-түпкіріне сақтап көп жинақтаған. «Осы әңгімелер негізінде қомақты бір дастан жазсам деген ойда болдым. Адамгершілік қасиеті, ғылым-білімі, ой-парасаты өзінен артық адамның бейнесін жасаймын деу

өурешілік екенін мен бертінірек түсіндім. Шынын айтсам, мен Абай туралы дастан жаздым да, бірақ нағыз Абай бейнесі шықпады. Сондықтан жазғандарыма пештің төрінен орын бердім. Абай туралы естіген-білгендерімді бұдан әрі ішке бүгудің реті жоқ деп түйдім», - деп ақын жетпісінші жылдар ішінде Абай туралы «Абайдың ұрыны тиюы», «Халық мүддесін бәйгеге тікпейік» деген тағы басқа әңгімелерін аудандық, облыстық газеттерге жариялады.

Ақын өмірдегі болып жатқан теріс әрекеттерді, жаман мінезді сынаудағы мақсаты адам бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып әділ, таза өмір сүруге ұмтылдыру. Шәкірдің бірқатар өлең-жырларында халық өміріндегі, ел тұрмысындағы келеңсіз әрекет, жаман әдет, еңбекке енжарлық, кертартпа көзқарасты, надандық пен шала сауаттылықты ащы тілінің уытымен түйреп, жеріне жеткізе әжуалайды.

Шәкір өзінің туындыларында әжуамен ғана шектелмей, жалынды жыршы, ұрпаққа ақылшы, белсенді насихатшы болды. Өлеңдерінде оқуға, білім алуға, өнерді үйренуге жастарды үгіттейді, ол сенің өміріңнің қорғаны, ақынның айтып отырған өнер, білімі мамандық алып, келешекте өмірден орнын табу.

Шәкір өзінің ақындық қасиетін, жалпы ақындық өнерге көзқарасын білдіретін тақырыпқа да бір неше өлеңдерін арнап, Абай айтқан ақындық талапқа терең эстетикалық талғаммен қараған. Осы өнердегі ұстанған, бағыт алған адастырмас жарық жұлдызы Абайға арнап бірнеше өлең жазды.

"Абайдың ақындығы" атты өлеңі ақынның 125 жылдық мерей тойда республикалық ақындар мүшәйрасында бас жүлдеге ие болды. Шәкір - Абай поэзиясының әлеуметтік тамырын терең біліп, бағалай білгендігін осы өлеңінде анық танытады. Абайдың эстетикалық таным талғамына терең бойлай білген Шәкірдің осы өлеңмен өрілген бағасы ұлы ақынға ғалымдар берген бағадан артық болмаса кем емес.

Шәкір поэма жанрына да құлашты қалам тартқан еңселі мектептен тәлім алған алғыр, талант. Мұхтар Мағауин «Ескендір» де замана талабына орай туған шығарма, ұлы ақынның отаршылдық экспансия күшейген XIX ғасыр тұрасындағы ой-толғамдарының нақты көрінісі болып табылады", - деген. Осы тұрғыда Шәкірдің «Кейпін батыр» поэмасына тереңдей үңілер болсақ, өз заманының көкейкесті мәселесіне жауап берерлік, Абай сарынын салған жерден аңғаруға болады.

Шәкір Өбеновтың көптеген нұсқасы бар «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырына қайта оралуы ағаттық емес, қайта Абай мен Абай айналасындағы ақындар ұстанған шығыстық дәстүрдің жалғасы.

Абай мұрасын жастайынан жаттап, есейе келе оның игі әсерін терең танып, құлағына құйып, Абай сөзі құралым, қорғанбаймын деп өзінің ақындық мұратына үлгі тұтып өтті.

А.Қ.ҚАДЫРОВ,
филология ғылымдарының
кандидаты

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ

Қазақтың біртуар азаматы, ақын Міржақып Дулатовтың «Абай құрметі күннен күнге артылар. Бірінші ақынымыз деп қадірлі халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар» деген көрегендікпен айтылған сөзі бар. Абайдың қадірін танып, ұлылығын ұлықтау жолында қалыптасқан абайтану ғылымының ең арналы саласы ол ақын шығармаларының текстологиясы. Бүгінде оқырман қолында Абай шығармаларының әртүрлі жинақтары бар. Алайда ұлы ақын мұраларының мәтіні емлелік, грамматикалық, орфографиялық жағынан бірізге түсті дегуге әлі ерте. Солардың барлығын қайтара оқыған сайын, салыстыра қараған сайын сан алуан сұрақтың алдыңыздан шығары сөзсіз. Абайдың ұлт болмысын

айқындар асыл ойын түйіндеуде, тануда ақын шығармаларының мәтінін түзу ерекше маңызды.

Абайтанудың ғылыми негізін Мұхтар Әуезов салды. Ал Қайым Мұхамедхановтың зерттеушілік бағытын айқындайтын, ең арналы саласы абайтану болды. Ғалымның ақын шығармаларындағы текстологиялық мәселелерге арналған зерттеулері – аталған саладағы күні бүгінге дейін құнын жоймаған бірден-бір жалғыз туынды. Бүгінгі таңға дейін ұлттық әдебиеттануда текстология ғылымының қыр-сырына арналған еңбектің жазылмауы да аталған саладағы қордаланып қалған мәселелердің көп екендігін аңғартса керек.

Қайым Мұхамедханов өмір бойы Абай шығармалары мәтінінің дәлдігін қадағалап, күрделі зерттеу-

лер жүргізді. Негізінен алғанда, Қайым Мұхамедхановтың сын-зерттеулеріне тән басты қасиет – ненің болса да байыбына жетіп, ақиқат шындығын аршу. Осындай мақсұтты ғылыми ізденісінің пірі етіп алған Қ.Мұхамедханов Абай бабамыздың мұрасын тәңіріндей қастерлей білді. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында Семейден Алматыға арнайы шақырылып ақын өлеңдерінде бұрмаланып, қате басылып жүрген 250 сөзді түзетіп, 120 сөзге түсінік берді. Қайым ағаның «...бірақ баспаға бергенде өздерінше түзеткен» деген қынжылысын да газет беттерінен барлығымыз да оқығанымыз аян.

Әрине бұл шағым ғана мақаламызбен күрделі мәселені түйіндеу қиын, дегенмен де мына кестеге назар аударсақ:

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»

1909	1922	1933 «Қазақстан»	1954	1961 ҚМ көркемөз баспасы	1968 Жазушы	1986 Жазушы	2005 Жазушы
28 жол	28 жол	30 жол	30 жол	30 жол	30 жол	30 жол	30 жол
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңлінің көзі ашық, сергегі үшін.	Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңлінің көзі ашық, сергегі үшін.	Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңлінің көзі ашық, сергек үшін.	Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңлінің көзі ашық, сергегі үшін.	Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңлінің көзі ашық, сергек үшін.	Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңлінің көзі ашық, сергек үшін.	Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңлінің көзі ашық, сергегі үшін.	Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңлінің көзі ашық, сергек үшін.
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.	Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.	Таң қаламын айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.	Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.	Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.	Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.	Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.	Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.
Елде көрі жамандап өлім тілеп...	Елде көрі жамандап өлім тілеп...	Көрілікті жамандап өлім тілеп...	Көрілікті жамандап өлім тілеп...	Көрілікті жамандап өлім тілеп...	Көрілікті жамандап өлім тілеп...	Көрілікті жамандап өлім тілеп...	Көрілікті жамандап өлім тілеп...
Бес-алты мисыз бәңгі күлсе маз боп, Қинамай , қызыл тілді , кел тіл ал, қой!	Бес-алты мисыз бәңгі күлсе маз боп, Қинамай , қызыл тілді , кел тіл ал, қой!	Бес-алты мисыз бәңгі күлсе маз боп, Қинамай , қызыл тілді ал, қой!	Бес-алты мисыз бәңгі күлсе маз боп, Қыиналмай , қызыл тілім , кел тілді ал, қой!	Бес-алты мисыз бәңгі күлсе маз боп, Қиналмай , қызыл тілім , кел тілді ал, қой!	Бес-алты мисыз бәңгі күлсе маз боп, Қиналмай , қызыл тілім , кел тілді ал, қой!	Бес-алты мисыз бәңгі күлсе маз боп, Қиналмай , қызыл тілім , кел тілді ал, қой!	Бес-алты мисыз бәңгі күлсе маз боп, Қинамай , қызыл тілім , кел тіл , ал, қой!
Бұл екі жол жоқ	Бұл екі жол жоқ	Сәнқой, данғой , ойнасшы, қарлық-ұрлық , Қанша қызық болады өзіңізге?	Сәнқой, данғой , ойнасшы, керім-кербез , Қанша қызық болады өзіңізге?	Сәнқой, данқой , ойнасшы, керім-кербез , Қанша қызық болады өзіңізге?	Сәнқой, данқой , ойнасшы, керім-кербез , Қанша қызық болады өзіңізге?	Сәнқой, данғой , ойнасшы, керім-кербез , Қанша қызық болады өзіңізге?	Сәнқой, данғой , ойнасшы, керім-кербез , Қанша қызық болады өзіңізге?


ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ

Қ.Мұхамедхановқа жүгінсек, «Абай бұл арада өлеңді кімге арнап жазып отырғанын, яғни көңілінің көзі ашық, сергек жастарға арнағанын айтып отыр» деген уәж айтады.

Тағы да Қ.Мұхамедхановқа жүгінейік: «1954 жылғы жинақта ешбір дәлелді негізге сүйенбестен «кәрілікті жамандап өлім тілеп» деп түзеп басылған. 1954 жылғы жинақта 1909 жылғы басылымда, Мүрсейіт қолжазбасында да «Елде кәрі жамандап, өлім тілеп» деп берілген, өлеңнің мағынасына қарап түзетілді деген ой айтады. «Жауапсыз айтылған жай бір жадағай сөз сияқты».

Қ.Мұхамедханов: «Біз бұл жолды былай оқысақ: Бес-алты мисыз бөңгі күлсе мез боп, Қинамай қызыл тілді, кел, тіл ал, қой. Абай жазған нұсқаны қалпына келтірген болар едік», – деп, 1909 жылғы жинақты негіз етіп алады.

Осы өлең 1909, 1922 жылғы басылымдарда 28 жол, ал қалған басылымдарда 30 жол ғып берілген. Айғақ ретінде 1922 жылғы жинақты қарайық, «Есіл өнер қор болып кетер түзге» деген жолмен аяқталған. Яғни алғашқы екі жинақта «Сәнқой, даңғой, ойнасшы, қарлық-ұрлық, Қанша қызық болады өзіңізге» деген жолдар жоқ. Кейінгі басылымдардың өзінде екі жол әртүрлі басылған.



«Жапырағы қуарған ескі үмітпен»

1909	1922	1933	1954	1961	1968	1986	2005
12 жол	12 жол	12 жол	12 жол	12 жол	12 жол	12 жол	12 жол
<u>Ол дәурен</u> өмір емес, бір көрген түс.	<u>Ой, дәурен</u> өмір емес, бір көрген түс.	<u>Ой, дәурен</u> өмір емес, бір көрген түс.	<u>Ол дәурен</u> өмір емес, бір көрген түс.	<u>Ол дәурен</u> өмір емес, бір көрген түс.	<u>Ой, дәурен</u> өмір емес, бір көрген түс.	<u>Ол дәурен</u> өмір емес, бір көрген түс.	<u>Ол дәурен</u> өмір емес, бір көрген түс.
Ойға <u>түйме</u> , қызықты қиялдан күс.	Ойға <u>тойма</u> , қызықты хиалдан күс.	Ойға <u>тоймас</u> , қызықты қиялдан күс.	Ойға <u>тойма</u> , қызықты қиялдан күс.	Ойға <u>тойма</u> , қызықты қиялдан күс.	Ойға <u>тойма</u> , қызықты қиялдан күс.	Ойға <u>тойма</u> , қызықты қиялдан күс.	Ойға <u>түйме</u> , қызықты қиялдан күс.

Абайдың өз қолжазбасының сақталмауы ақын шығармаларының текстологиясын зерттеуде қиындық туғызары белгілі, ал әрбір әдебиетші ақынның әр сөзіне жауапсыздықпен қарап, бастаға даярлауда өз бетімен түзетулер жасай берсе «сөз патшасына» жасалған зор қиянат болар еді. Ақын шығармалары алғаш араб қарпінде, кейіннен латын, одан кейін кириллицаға ауысқанда шығармаларының текстологиясына ықпалын тигізгені аян.

Біз қазір жаһандану заманы, ақпарат заманы деп жар салудамыз. Кейінгі жастарымыз кітап оқудан гөрі ғаламтор бетіне телміруді әдетке айналдырды. Заман талабына сай ақпарат беттерінде ақын-жазушылар шығармалары жарыса беріліп жатыр. «Www.zharar.com», «Kitap.kz» т.б. көптеген сайттарда ақын шығармаларының электронды

нұсқалары берілген. Бұл әрине көңіл қуантады. Ал сол ақпарат беттеріндегі мәтіндердің сауаттылығын қадағалап отырған ешкім жоқ. Көзіміз түскен бір-екі жерін айта кетейік, мәселен «www.zharar.com» сайтында «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол» өлеңінің «Бала туса, күзетер шылдақана, Олар да өлең айтар шулап жаңа» немесе «Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен, Ойласаншы бос қақпай елең-селең» деген тәрізді алақұралықтар көптеп орын алған. Әрине бұл мысалдардың барлығын көрсетіп отырғанда біреудің кемшілігін нақтылап, біреудің артықшылығын салмақтау емес, ақын сөздерін дұрыс оқуға талпыныс жасау ниеті еді.

Профессор Арап Еспенбетовтің «Абайды өзінің қажетіне сәйкес бұрмалап түсіндіріп, ұлы ақын айтпаған сөзді айтқызып, тұңғымызды лайлап, жады-

мызды шимайлап жатса көлденең көк атты абыройдан айрыламыз. Абайдың әр сөзіне абай болайық! Қазынамызды қастерлейік, қасиет тұтайық, ағайын!» – деген жолдары барлығымызға ой салары ақиқат.

Абай туындыларының төл нұсқасын қалпына келтіру ісінің жүлгесін салып, жүйесін жасауда Қайым Мұхамедханов еңбегі қашанда негізге алар ақиқат.

Біз текстологтың Абай шығармаларына қатысты бірен-саран талдауларына ғана тоқталдық. Заман озған сайын ғалым зерттеуінің құндылығы арта бермек.

Ақмарал СМАҒҰЛОВА,
филология ғылымдарының
кандидаты
«Абай және ұлттық
руханият» ҒЗО-ның маманы



Развитие человеческих ресурсов - это деятельность, направленная на развитие потенциальных способностей работников с целью их постоянного роста и развития.

Управление карьерой - важная составляющая управления персоналом. Руководство вуза университета им. Шакарима под деловой карьерой понимают продвижение работника по служебной иерархии.

Руководство обращает внимание на последовательную смену занятий как в рамках отдельной организации повышения квалификации, а также и на протяжении жизни, восприятие человеком этих этапов. Хотелось отметить что, для повышения эффективности управления руководством, отправляя команду на обучение, провели комплексный кадровый анализ.

Карьера в широком смысле – последовательность развития человека в трудовой и творческой жизни. Понятие «карьера» связывается с трудовой, профессиональной деятельностью человека.

Мотивация личностного роста в университете с точки зрения степени овладения ППС профессиональным опытом, в конкретном виде деятельности можно выделить профессиональную и должностную карьеру.

Группа ученых университета Шакарим приняли участие в двухнедельных курсах обучения по линии Агентства по развитию международного сотрудничества при МИД Израиля в международном учебном центре МАТС в городе Шваим.

Курсы и консультации «MASHAV» включают широкий спектр тем: образование для взрослых; сельское хозяйство; сельскохозяйственные исследования; общественное развитие; развитие кооперативов; заочное обучение; развитие систем образования; рациональное природопользование; развитие сельских районов;

работа и коллективное повышение квалификации; охрана природы; общественное здравоохранение и медицинские программы; наука и техника; роль женщины в процессе развития современного общества; создание творческих мастерских, позволяющих вести обсуждение стоящих перед общиной задач.

Лекторами по образовательной программе международного учебного центра МАТС были профессор, консультант – референты и практики-производственники, которые раскрыли и показали как легче разрабатывать более эффективную рекламу, предугадывать спрос, выдвигать новые предложения, подчеркнуть, что сегодня ни один товар не продается без учета психологии потребителя.

Профессиональный визит в Северный регион страны показал, что потребительское поведение выступает одним из главных факторов экономического развития. Фермеры и менеджеры по производству работа на потребителя, еще раз доказали что потребительский спрос стимулирует экономический рост и в то же время выступает индикатором, отражающим уровень и качество жизни населения. Было проведено обсуждение итогов курса, где слушатели обменялись впечатлениями от обучающей программы и возможностями применения полученных знаний.

Завершился с церемонией закрытия курса и торжественным вручением сертификатов, на котором присутствовали Посол Казахстана в Израиле С. Буршаков, заместитель главы Агентства «MASHAV» и Посол Юваль Фукс.

Шолпан САТИЕВА,
руководитель Центра повышения квалификации и переподготовки кадров, псих.к. н., профессор

Международный аграрный учебный центр MASHAV Министерства иностранных дел Государства Израиль после длительного ожидания в результате пандемии COVID-19 приняло делегацию из Казахстана в формате офлайн встречи.

УЧЕНЫЕ УНИВЕРСИТЕТА ИЗУЧИЛИ ПЕРЕДОВОЙ ОПЫТ ИЗРАИЛЯ В ТЕХНОЛОГИЯХ ОРОШЕНИЯ И ЗАЩИТЫ РАСТЕНИЙ

19 ученых и профессионалов из университетов и частных компаний Северного и Восточного Казахстана приняли участие в специализированной программе обучения «Передовые технологии орошения и защиты растений».

Дипломатическим отношениям Израиля и Казахстана насчитывается около 20 лет, и наиболее развиты двусторонние экономические отношения двух стран. Это международная торговля, инвестиции, трансферт технологий и многое другое. Но хотелось бы отметить, что именно Израиль делится новейшими технологиями и методиками через образовательные проекты, что дает синергетический эффект и долгосрочные партнерские связи.

Государство Израиль является первопроходцем в озеленении пустыни. Находясь в одной из самых засушливых зон планеты, израильский агропромышленный комплекс шаг за шагом осуществляет тихую революцию в технологиях орошения, безотходной переработки, хранения собранного урожая, устойчивости к засухе и болезням, биологической дезинсекции, а также очистки и вторичного использования водных ресурсов.

В Казахстане, растениеводство относится к разряду рискованных видов сельского хозяйства, поэтому опыт Израиля применим и в нашей стране.

Благодаря международному проекту ученые получили огромный потенциал знаний и взаимодействия с израильскими компаниями, что позволяет консультировать аграриев Казахстана и развивать сельское хозяйство своего региона.

Александр КОЙЧУБАЕВ,
Центр международного сотрудничества



Құрылтайшысы:
«Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
университеті»
КеАҚ

Қазақстан
Республикасының
Ақпарат және
коммуникациялар
министрлігінің
Ақпарат комитеті
берген тіркеу куәлігі
№ 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Редактор
Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер
Серікбол Мырзабеков
Фотограф
Мақсат Жарқынұлы

semgu_2020@bk.ru
www.shakarim.edu.kz
@universitet.shakarim

Білім алушы жастарға арналған
ақпараттық-танымдық басылым
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті» КеАҚ баспаханасында
басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а